

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН  
8-НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ  
«КӨКТЕМ АРУЫ-2026»  
АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН  
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»* атты бағдарламалық мақаласын *өнерлі әрі білімді жас арулар, белсенді, заманауи қазақ қыздары, еліміздің болашағы саналатын жас арулар* арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өтетін **«КӨКТЕМ АРУЫ-2026»** атты республикалық байқауына қатысуға шақырамыз!

**I. Іс-шараның мақсаты:** Қоғамда белсенді, білімді, өнерлі әрі ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген заманауи қазақ қыздарын қолдау және кеңінен насихаттау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, ел болашағына сенімді, жауапкершілігі жоғары жас аруларды тәрбиелеу, жастарға үлгі болатын тұлғаларды қалыптастыру.

**II. Байқаудың талаптары:**

- Қатысушының жасы 13 жастан бастап болуы керек;
- Белгіленген үлгідегі анкета толтырылуы қажет;
- Өнерді көрсететін бейнежазба ұсынылуы қажет;

**III. Байқаудың шарттары:**


Байқау екі кезеңнен тұрады.

**I кезең.**

Қатысушы белгіленген үлгідегі өтініш кестесін толтырып жолдайды, сондай-ақ өзінің шығармашылық қабілетін, дарынын және жеке ерекшелігін айқындайтын бейнежазба ұсынуы қажет. Бейнежазбада қатысушы өз қалауына қарай кез келген өнер түрін көрсете алады (мысалы: өлең оқу, ән айту, аспаздық шеберлік, сурет салу, қолөнер, би, сахналық көрініс және өзге де шығармашылық бағыттар). Құжаттар [bilim.news@mail.ru](mailto:bilim.news@mail.ru) электронды почтасына **2026 жылдың ақпан айының 22-не дейін** қабылданады.

**✦ Бейнежазбаға қойылатын талаптар:**

- бейнежазбаның ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс;
- бейнематериал қатысушының жеке орындауында болуы қажет;
- бейнежазба қатысушының өнерін, креативтілігін және қабілетін толық ашып көрсетуі тиіс.



### ✦ I кезеңге арналған бағалау критерийлері:

- 1.Шығармашылық пен өзіндік стиль – қатысушының өнеріндегі ерекше стиль, креативтілік және жеке ерекшелігі.
- 2.Өнер көрсету сапасы – бейнежазбадағы орындаудың техникалық деңгейі, көркемдік сапасы, дайындық деңгейі.
3. Эмоциялық әсер – өнердің әділ қазыларға әсер етуі, сезім мен энергияны жеткізе білуі.

### II кезең.

I кезең нәтижесі бойынша үздік деп танылған қатысушыларға құттықтау хаты жолданып, II кезеңге — Астана қаласында өтетін марапаттау рәсіміне шақырылады.

### Байқау қатысушыларына:

- Арнайы тағайындалған төсбелгісі;
- Төсбелгіні куәландыратын **КУӘЛІК**;
- «**КӨКТЕМ АРУЫ-2026**» статуеткасы;
- **ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ** беріледі;
- Қатысушыға қолдау көрсеткені үшін мекеме басшысының атына электронды **АЛҒЫС ХАТ** беріледі.


Байқаудың марапаттау рәсімі Астана қаласында наурыз айында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға жіберіледі. Қорытынды конференция бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, танымал тұлғалардың қолынан төсбелгі және арнайы марапаттар табысталады.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>

Электронды почта: [bilim.news@mail.ru](mailto:bilim.news@mail.ru)

Инстаграм паракшасы: [@bilim\\_orkenieti\\_](https://www.instagram.com/bilim_orkenieti_)

Ұйымдастыру алқасы: +7 707 456 90 77, +7 702 986 6405



### ӨТІНІШ КЕСТЕСІ БЕЙНЕЖАЗБАМЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУІ ҚАЖЕТ

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім деңгейі/ оқу орны	
Байқау атауы	<b>«КӨКТЕМ АРУЫ-2026»</b>
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¾ фотосы	
Қызығушылықтары, хоббиі	
Ұсынылатын өнер түрі	

